

ҒАЛЫМ, СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Тулегенов Б.Ж.

tulegenovbakytzhan3@gmail.com

Қазақстан және дүниежүзі тарихы, кафедрасының магистранты
ғылыми жетекші: Ахметова Ұ.Т., т.ғ.д. профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан, Атырау қ.

АННОТАЦИЯ. Бұл мақалада Серікбол Қондыбайдың өмір жолы мен ғылыми мұрасы жан-жақты қарастырылады. Автор ғалымның қазақ мифологиясын зерттеудегі ерекше орнын, оның еңбектеріндегі Ұлы дала құндылықтарының көрінісін талдайды. Сонымен қатар, С.Қондыбайдың мифология, лингвистика, этнография және тарих ғылымдарының тоғысындағы кешенді зерттеулері арқылы қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетін жаңаша пайымдауға қосқан үлесі айқындалады. Мақалада ғалымның еңбектері негізінде қазақ мифологиясын зерттеудің кезеңдері, әдіснамалық ерекшеліктері және оның ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлі сараланады. Зерттеу нәтижесінде С.Қондыбай еңбектерінің қазақтың тарихи жадысын жаңғыртудағы және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі маңызы көрсетіледі.

Кілт сөздер: Серікбол Қондыбай, қазақ мифологиясы, Ұлы дала құндылықтары, ұлттық сана, тарихи жады, рухани мәдениет, миф, этнография, фольклор, дүниетаным, лингвистика

Қазақ халқының өткен тарихы кезеңдерінде қоғамдық-саяси өмірде жетекші орынға ие ұлт-азаттық қозғалыстардың мәнін жете түсіну, ұғыну қазіргі кезеңдегі ұлттық санамызда ерекше орын алып отырғаны түсінікті жайт. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өз Жарлығымен 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп, ал 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылы жариялауы төл тарихымыздың, оның ішінде ел тәуелсіздігі жолындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күрес тарихының ғылыми тұрғыда кеңінен жазылуына септігін тигізері сөзсіз. Дегенмен де елбасының өзі айтқандай «түптеп келгенде, тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі. Осындай зерттеулер С.Қондыбаев турасында болмақ. С.Қондыбаев туралы мысалы, академиялық Тілтану институтында танымал лингвист Нұргелді Уәліұлы жетекшілік ететін диссертациялар өз зерттеулеріне негіз етті..Сол сияқты бір жыл бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен Серікболдың 5-томдығының тусау кесу рәсімінде сөйлеген тарихшы Талас Омарбеков айтқандай, оның жетекшілігімен жазылған Қазақстанның көптомдық тарихының алғашқы, көне тарихты қарастыратын томдары Серікболдың теорияларының негізінде жасалған. Бұның бәрі - ғалымның шығармашылығын насихаттаған азаматтардың арқасы, Маңғыстау облысы өңірлік-салалық «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында өткізілген шаралардың жемісі.

Қазақ даласының өткеніне қатысты жазылған тарихи еңбектер бүгінгі рухани еркіндікке қол жетуінің арқасында көптеп жазылуда. Алайда қазақ тарихы туралы еңбектердің арасында ылыми бәрі неғұрлым көп жазылған сайын шатасу да соғұрлым көбейе түскен тәрізді.

Қазақ жерінің өткенін танып білу өз алдына, сол өткен шақты бүгінгі қазаққа дейін жіпке тізгендей етіп жалғастыру - аса керекті шаруа болып тұр. Бүгінгі ұлт басына дерт болып түскен жаппай селқостыққа бола осының бәрін жылы жауып қоя салуға болар еді. Бірақ осылар күндердің күні біреудің қажетіне жарап қалар деген үмітті ой осындай

ізденістерді жалғастыра беруге итермелейді. Осындай қазақ тарихын зерттеушілердің бірі - Серікбол Қондыбаев болатын.

Өлкетанушы, географ, публицист Серікбол Әділбекұлы Қондыбай 1968ж 14 – наурызда Маңғыстау облысы Құрық поселкесінде дүниеге келген. 1969 ж., бастап Шетпе поселкесінде тұрған. 1986ж ҚазҰУ география факультетіне оқуға түсіп, 1991ж геоморфология мамандығы бойынша бітірген. 1995ж жол апатына ұшырап 1-топтағы мүгедек болып қалады. Соған қарамастан өмірінің соңына дейін 10 кітап жазды. 2004ж 24 тамызда 36 жасында қазақ зиялыларын мойындатқан С. Қондыбаев өмірден озды.

1991 жылы қазіргі ҚазҰУ-ды бітіргеннен кейін, 1991-1997 жылдары Маңғыстау, Үстірт мұражай-қорығында, облыстық экология және биоресурстар басқармасында қызметкер, орта мектепте мұғалім, өлкетану, туризм, ландшафт эстетикасы мәселелері саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген, байырғы қазақ шежіресі мен әфсана аңыздары, географиясы тұрғысында мағлұматтар жинастырып, бірнеше кітап жазған.

Қондыбаев «Маңғыстау географиясы», «Қазақ мифологиясына кіріспе» (1997), «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» (2000), «Есен-қазақ» (2002), «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі» (2003), «Арғықазақ мифологиясы» (2004), «Эстетика ландшафтов Мангистау» (2005), «Маңғыстаунама» (2006), «Қазақ даласы және герман тәңірлері» (2006), «Жауынгерлік рух кітабы» (2006) кітаптарының авторы [7. 93-327б].

С.Қондыбай (1968-2004) қамшының сабындай аз ғұмырында өлмейтін мол мұра қалдырды. Ол өзінің іргелі ізденістерімен ғылымның қия шыңына шыға білді. Автордың бұл еңбегі қазақ мифологиясының түп төркініне терең бойлады. Сондай-ақ мифологиялық бейнелерді сөздік тәртібімен орынды жүйелеп, олардың тарихи болмысын жан-жақты саралай білген. Айталық, Арыстан баб, Асан кайғы, Баба Түкті Шашты Әзіз жайлы толғаныстары мен көктүріктер мифологиясына арналған ойлары өзінің баға жетпес құндылығымен кім-кімді де ойландырмай қоймасы анық. Қондыбай еңбектері жоғары оқу орындарының студенттері мен ізденушілеріне, оқытушылар мен мамандарға, ғылым сүйер озық ойлы оқырманға арналған. Тарих тереңге кетсе де, нәрлі тамыр сияқты: шыққан тегімізді, ұлттық болмысымызды, салт-дәстүрімізді санамызға жеткізуші, өткен ғасырлар мен бүгінгі күн арасындағы алтын көпір. Тарих - азаматтың рухани тұғыры, өткеннен ұлағат іздейтіндер үшін тарих ғұлама ұстаз. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Тарих - өткеннің сыбағасы, алдыңғының кейінгіге өнегесі" деген сөзін жалау еткендей, жалғыз өзі арғықазақтың мыңжылдық тарихын мифология мен лингвистикаға сүйене отырып зерттеген. Әлемдік мәдениет пен дүниетанымға қазақтың да қосқан үлесінің зор екендігін дәлелдеп беріп, ғаламдық мифологияның феномені ретінде танылған тұлға - Серікбол Әділбекұлы Қондыбай [1.12-13б].

Әлемдік ғылымдағы төңкеріске балауға болатын С.Қондыбайдың қаламынан шығып, қолымызға тиген он бес томдық ғылыми зерттеулер толықтай дерлік "абақтыда" жазылды. Апатқа ұшырап, төрт қабырғаға жабылып, тар төсекке таңылған тоғыз жылдың әр сәті жаңа тыныспен жалғасары күмәнді еді. Осы жылдардың бәрінде Серікбол өзі бекіткен, сағат-минутына дейін қатаң есепке алған күн тәртібімен тек етпеттеп жатып қана жұмыс істеді. Оның кітапханасы бір-ақ бөлме, құралы қағаз-қалам мен интернетке қосылмаған компьютер болды. Аңыздың шындық екендігін дәлелдеуге тынымсыз ұмтылған Серікбол өлкетану, туризм, ландшафт эстетикасымен айналыса жүріп, білімнің сан алуан күрделі салалары: тарих, фольклор, мифогеография, лингвистика, археология, этногенетика, этнография, мифология тоғыстарындағы күллі адамзатқа ортақ мәдени - танымдық мәселелерге әмбебап зерттеуші, тың талдаулар жасаушы ғалым биігіне шықты. Тарихтың тағылымы әркімнен ел қамын ойлайтын естелікті талап етеді. Осыны терең түсінген ғалым ұлтының әрбір азаматын бабалардың рухани биігіне жетеледі. Халқына, еліне, туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында Серікбол ғаламда ерлік жасап, өзінің сөзімен айтқанда, "XXI ғасырдағы қазақтың тіршілік ету кеңістігі мен уақытын сақтап қалу үшін жаңа идеология, жаңа шежіре, жаңа миф жасалуы қажеттігін" айқындап берді, алаш ұрпағына өмірлік үлгі көрсетті. "Еуропа рационализмі бізді

ақиқаттың табалдырығына дейін алып келді. Бірақ оны аттап өтуге жазбаған. Ал сол бағытқа қарай жылжи беру - ол да Алла тағаланың несібесі болар" деген Серікбол байламы, оның жолын қуған жас ғалымдар, халқының тарихы мен мәдениетіне қызығатын жеткіншектер әлем елдерінің алдыңғы легіне ұмтылғанда ұстанар туы, ақиқаттың алмас қылышындай елең еткізер жарқылы болғай! Көшпелі халықтар жыр-аңыздың екі жанрын - батырлар жыры мен демонологияны жасаған, ал мұның екеуі де әдебиеттен гөрі мифологияға жақын. Көшпелілер ақиқат өмірді осындай жолмен қабылдап, өздерінің дүниетанымын осылайша көрсеткен. Л.Гумилев Күдіретіңмен бір Алла, Ең әуелі жараттың Он сегіз мың ғаламды, Түзеттің ғұрып-заманды, Аспан менен Жер жасап, Жараттың сафи-Адамды, Топырақтан турчат тең жасап. Сәттіғұл. 1924 жыл Миф - ата-бабалардың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалами, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері. Олардың қатарына аспан, жер, су дүниесі мен жер асты, осылардың тұрғындары, яки тәңірлер мен тәңіриелер, құбыжықтар мен перілер, дәулер, жасампаз батырлар мен ел терушілер, ілкі адамдар, ғажайып мақұлықтар мен заттар, т.б. жатады. Мифология дегеніміз - солар туралы аңыз-әңгімелердің жиынтығы және ғалам жөніндегі фантастикалық түсініктер жүйесі, ғалам картинасы. Ең ақырғысы - аталмыш аңыздарды, олардың түпкі мотивтері мен идеяларын зерттейтін саланы да мифология дейді. Миф - адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы, сондықтан қазақ мифологиясын меңгеру қазақ психологиясындағы, әдет-ғұрпындағы, мәдениеті мен әдебиетіндегі, тарихындағы әлі күнге шейін түсініксіз. ақтандақ болып отырған тұстарына түгел болмаса да белгілі мөлшерде жаңаша қарауға көмектесе алады. Қондыбай еңбектеріне ең болмаса бір рет көз жүгіртіп шыққан оқырман күнде естіліп, құлаққа үйреншікті болып кеткен сөздердің астарлы екендігін түсінер деген үмітіміз бар. Қазақ - көшпелі ғаламның соңғы тұяғы. Оның көшпелі тұрмыс-салтын тастағаны күні кеше ғана. XX ғасырдың 20-30-жылдарында отырықшыланды. Бұл қазақ мәдениетінің негізі - көшпелі мұра, салт, ғұрып, сенім, рәсім мен ауыз әдебиеті сияқтылар кешенінен тұрады деген сөз. Ал қазақ мәдениеті дегеніміздің өзі осы көшпелі мәдениеттің ғасырлық-территориялық соңғы қорытындысы, қазақ үшін бұлар экзотика бола алмайды, өйткені ол - өмір. Көшпелілердің мифологиясына да көзқарасымыз осылай болғаны жөн. "Қазақта мифология бар ма?" деген сауалдың қойылуы заңды. Жай оқырман оған "Ол не?" деген қарсы сауалмен сөз айтар, ал рухани мәселелерді зерттеуші маман "қазақта ол ертеде болған, бүгін жоқ" дер еді. Өйткені қазақта осы салада, осы тақырыпта әртүрлі газеттік сипаттағы мақалалар болмаса арнайы ғылыми-зерттеу бағыты жоқ. "Мифология" деген сөзді естігенде сауатты оқырман ең алдымен орыс мәдениеті арқылы бала кезден таныс болған грек мифологиясын еске түсіреді, дәл солардікіндей көне мұра қазақта сақталмағандықтан, "бізде жоқ" деп айта алады. Ал ақиқатында, ол бізде бар, тек біздің "мифология" дегенімізге басқаша анықтама берілуі керек. Қазақ мифологиясы - бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың "орташа" алынған өздері, дүние - ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі. Қазақта айқын, "мөлдір сипатты" мифология жоқ. Ол ауыз әдебиеті мұраларының - жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің, жұмбақ пен мақал- мәтелдің, фразеологизм мен діни әфсаналардың астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр. Сондықтан "қазақ мифологиялық ғылыми-зерттеу" мектебін қалыптастыру үшін үш кезеңнен өтуге тура келді [2.23-456].

Бірінші кезең - ықтимал мифтік сипаты бар сөздер мен ұғымдарды, аңыздар мен басқа да фольклорлық материалдарды жинақтап, олардың негізінде алғашқы мифологиялық түсініктердің долбарлы бағыттарын, үлгілерін, тұрақты трафареттерін анықтау. Оны географиялық "рекогносцировка" - "алдын ала бажайлап-байыптау" деуге болады.

Екінші кезең - қазақ мифологиясының ғылыми пән ретінде тарихи даму, өзгеру, қалыптасу жолдарын, негізгі зерттеу нысандарын, әдістемелерін, теориялық ережелері мен жөн-жосықтарын бір арнаға түсіру.

Үшінші кезең - бастапқы ғылыми мифология пәнін рухани саланың мамандарының көмегімен (этнопсихолог, дін ғұламалары, философ, өнертанушы, мәдениеттанушы, социолог, тарихшы, этнограф, фольклоршы, т.б.) дамыған мифологиялық зерттеу мектептерімен (мәселен, европалық мектеппен) теңестіру. Қазақ мифологиясын өнер мен мәдениетте кеңінен пайдалану жолын іздеу. Кітапты әуелі "Алаш кеңістігі және қазақ мифологиясы" деп атады, артынша "Қазақ мифологиясына кіріспе" деген атауға тоқтады. Ондағы мақсат - әлгінде айтылған зерттеу кезеңдерінің бірінші кезеңдік шартын жүзеге асыру, оны "наурыз кезіндегі әр үйден ауыз тиіп шығу" деуге де болады. Өйткені бұл кітапта қолданылатын жұмыстар - қысқаша сөздік жасау арқылы "біздерде мынандай бар, мынандай бар" деп таныстыру және тілден, жеке аңыздан, ертегіден, шежіреден, өлең мен жырдан, әдет- ғұрып пен ырым-нанымнан, тарихи құжаттан мифті табу мүмкіндіктерінің ең қарапайым жолдарын көрсету және қайталана беретін сюжет, сөз, тіркес, есімдерден тұрақты "мифтік трафареттер мен модельдер" табуға болатындығын көрсету. Сондықтан әр тақырыптың басынан шалып, "үйінен ауыз тию" - осы кітаптың пешенесі деп ойлау керек. Бұлай істемейінше - екінші, үшінші кезеңдерге жете қою мүмкін емес. Бұл кітаптың тағы бір мақсаты - "қазақ мифологиясы" деген түсінікке оқырманның да, зерттеушінің де "құлағын, бойын үйрету", өзінше бір "мифологиялық әліппе жасау". Міне, қазақ мифологиясын зерттеуде сақталған жазба мұралар өте аз болғандықтан, басты назар қазақ тілі мен ауыз әдебиетіне аударылады. Сырт көзге таныс, түсінікті болып көрінетін сөздер мен сөз тіркестерінің сырына үңілу арқылы да көп жәйттің басын ашуға мүмкіндіктер бар. Қондыбай еңбегі сырттай сөздікке ұқсас етіп жасалынып, ондаған тақырыпқа топтастырылған, бірақ толық логикалық тізбек реті сақталған деп айта алмаймыз. Себебі, қазақ мифологиясы әлі зерттеле қоймаған ғылым саласы, сондықтан теориялық шикіліктерден ада емеспіз. Әңгімелеу барысында орыс тілінде бірнеше мәрте жарық көрген "Мифологиялық сөздік", сондай-ақ Ә.Ақышевтің, А.Машановтың, Ж.Қарағөзованың, А.Сейдімбекұлы, Е.Тұрсынов, О.Сүлейменов сияқты басқа да қазақ зерттеушілерінің пікір - байламдары молынан пайдаланылды. Осы кітаптың авторы кәсіби ғалым емес, бұл әуесқойлықты дилетантизм деуге де болар, бірақ ғылыми орта үндемесе әрқашан кезек әуесқойдікі болмақ. Автор ақиқатты меншіктенбейді, тек оқырманды білуге, зерттеуші адам шығып жатса, ізденуге итермелеуді ғана мақсат еткен. Таңсық ойлар кездесіп жатса, ол да әзірше тұспал болмақ. Ғылыми-рационал ой мен сана, әдіс барлық нәрсенің сырын ашуға ұмтылады. Бұл да Алла тағаланың пендесіне берген басты ырыздығы. Ол да баянды емес, оның да шегі бар шығар. Бұл енді иррационалдық аймағы болмақ. Иррационалдық дегеніміз білім, ғылым өресі жете қоймаған, санадан тысқары, логикалық түсінік пен пайымдауға келе қоймайтын нәрселер. Кезінде бір философ "Европа рационализмі бізді ақиқаттың табалдырығына дейін алып келді. Бірақ оны аттап өтуді бізге жазбаған" деп айтқан болатын. Бұл да рас шығар, өйткені иррационалдық кеңістік Құдайдікі, оның ақиқатын, оны білу бізге, пендеге бұйыртпаған. Ал сол бағытқа қарай жылжи беру - ол да Алла тағаланың несібесі болар. Миф дегеніміз не? Бұл жөнінде "жаңалық" ашып жатудың керегі шамалы. "Миф" пен "мифология" атауының анықтамасы кез келген арнайы тақырыптық сөздіктер мен кітаптардың кіріспесінде- ақ тәптіштеліп баяндалады[4.3-156].

Миф - ерте замандағы адамдардың өзі туралы, қоршаған ортасы, жалпы ғалам туралы, олардың орны мен реті, өзара байланысы, пайда болуы мен жоқ болуы туралы түсінігі. Ал ертегі адам өзі мен ғалам туралы не білген? Ол түсінік бойынша ғаламда білгілі бір тәртіп бар, жануарлар, адамдар, перілер, құбыжықтар, Құдайлар, дәулер, алыптар мекен етеді. Олай болса: Миф ғалам мен адам туралы, Құдайлар мен құбыжықтар туралы, рухтар мен аруақтар, алғашқы адамдар мен адам сипатты батыр пенделер туралы түсінік. Ертегі адам мифті ойдан шығарылған ертегі деп емес, керісінше, бүткіл дүниенің жалғыз ақиқаты деп білген, олай болса: Миф - ертегі адамдардың адамтану, дүниетану көзқарасы, ақиқат танымы. Ежелгі адам кез келген әрекетінің себебін озарт арқылы түсіндірген, яғни айтылатын ертегі мен жырдың да, салынатын суреттің де, айтылатын ән мен өлеңнің де, тарихтың да, биленетін бидің де арғы жағында озарттық түсініктер жатыр. Олай болса: Миф

- бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы[3.5-676].

Қазақ халқының өткен тарихы кезеңдерінде қоғамдық-саяси өмірде жетекші орынға ие ұлт-азаттық қозғалыстардың мәнін жете түсіну, ұғыну қазіргі кезеңдегі ұлттық санамызда ерекше орын алып отырғаны түсінікті жайт. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өз Жарлығымен 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп, ал 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылы жариялауы төл тарихымыздың, оның ішінде ел тәуелсіздігі жолындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күрес тарихының ғылыми тұрғыда кеңінен жазылуына септігін тигізеді сөзсіз. Дегенмен де елбасының өзі айтқандай «түптеп келгенде, тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі. Осындай зерттеулер С.Қондыбаев турасында болмақ. С.Қондыбаев туралы мысалы, академиялық Тілтану институтында танымал лингвист Нұргелді Уәліұлы жетекшілік ететін диссертациялар өз зерттеулеріне негіз етті..Сол сияқты бір жыл бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен Серікболдың 5-томдығының тусау кесу рәсімінде сөйлеген тарихшы Талас Омарбеков айтқандай, оның жетекшілігімен жазылған Қазақстанның көптомдық тарихының алғашқы, көне тарихты қарастыратын томдары Серікболдың теорияларының негізінде жасалған. Бұның бәрі - ғалымның шығармашылығын насихаттаған азаматтардың арқасы, Маңғыстау облысы өңірлік-салалық «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында өткізілген шаралардың жемісі.

Қазақ даласының өткеніне қатысты жазылған тарихи еңбектер бүгінгі рухани еркіндікке қол жетуінің арқасында көптеп жазылуда. Алайда қазақ тарихы туралы еңбектердің арасында ылыми бәрі неғұрлым көп жазылған сайын шатасу да соғұрлым көбейе түскен тәрізді[6-456].

С.Қондыбаев еңбектерін зерттеу барысында белгілі бір жаңалық қосу мен үшін әлі ерте шығар әрине, бірақ қазір мақала жұмысын жазудағы мақсат-аз да болса өзіме дейінгі зерттеушілердің еңбектерін талдап, жүйелеу болатын.

С.Қондыбайдың зерттеген саласы, жазған еңбектері қазақ үшін бұдан әрі зерттеуді қажет ететіні айқын. Өйткені қазақ мифологиясы туралы қандай ортада болмасын аз айтылады. Сондықтан да С.Қондыбаевтың бұл ерлігін бағалап, «Қазақ мифологиясының атасы» десек артық айтпаған болармыз.

Ендеше бұған дейін жазылған әлі де алдағы уақытта жазылатын қазақ мифологиясы саласының қолану аясы қандай деңгейде болмақ. Ғылыми ортамен шектеле ме әлде көпшілікке ұсыныла ма? Ол үшін әрине зерттеу бойынша жарияланған мақалалар, жазылған кітаптар оқырманның қолына жету керек. Не үшін оқу керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сұраққа мына қысқа сөйлеммен жауап берсем, өйткені қазақ мифологиясы қазақтың өткен өмірінің көрінісі, ата-бабаларымыздың шындыққа жанасымды ой-қиялының туындысы. Ал біз үшін ата-бабаларымыздың өткен өмір жолын, қалдырған мұрасын сақтап, оны келесі ұрпаққа жеткізу парыз екені сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Наурызбаева З. Путь к признанию (память о Серикболе Кондыбай) «Страна и мир», сентябрь 2003 г.
2. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. Алматы: Зерде, 2008. 186б
3. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Зерде, 1997. 304б
4. Қондыбаев С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: Арыс, 2000. 293б
5. Қондыбаев С. Есен-қазақ. Алматы: Арыс, 2002. 353б
6. Қондыбаев С. Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. Алматы: Арыс, 2003. 389б
7. Қондыбаев С. Жауынгерлік рух кітабы. Алматы: Арыс, 2006. 327б